

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»,
«Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі – Жобаларды
басқару тобы отырысының
№ 1 хаттамасы**

Алматы қ. Офлайн/онлайн режимде

5 қараша 2025 жыл

Модератор: Ибрагимов П.Ш., РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасы
– Ректордың Бірінші орынбасары, в.ғ.д., профессор

КҮН ТӘРТІБІ

1. РОӘК «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылына жаңартылған құрамын бекіту
2. 2025-2026 оқу жылына орналған РОӘК ОӘБ ЖБТ жылдық жұмыс және мәжіліс жоспарын бекіту
3. Магистратураға түсушілердің кешенді тестілеу пәндерін қайта қарау және тапсырмаларын жетілдіру
4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгерістер енгізу ұсынысын қарастыру («Агрономия» кадрларды даярлау бағытын өзгерту, «Фитосанитария» кадрларды даярлау бағытын ашу)
5. РОӘК ОӘБ грифін алуға оқулықтар мен оқу құралдарын ұсыну

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Мәжіліс отырысын РОӘК ОӘБ ЖБТ төрағасының орынбасары **П. Ибрагимов** ашты.

Сіздерді Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік – Жобаларды басқару тобының биылғы оқу жылындағы бірінші мәжіліс отырысында сіздермен көріскеніме қуаныштымын.

Біздің кездесуіміз екі стратегиялық кадрларды даярлау бағытына арналған: «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария». Қазіргі жаһандық жағдайда азық-түлік қауіпсіздігі, климаттың өзгеруі, агроөнеркәсіптік кешендегі технологиялық жаңғырту қажеттілігі сияқты мәселелерге тап болып отырғанда жоғары сапалы мамандарды дайындаудың рөлін бағаламауға болмайды.

Біздің міндетіміз – академиялық орта, ғылыми зерттеулер мен өнеркәсіптің нақты қажеттіліктері арасындағы ажырамас байланысты қамтамасыз ету. Бүгінгі күн тәртібі соның айқын мысалы.

1. 2025-2026 оқу жылына РОӘК ОӘБ жаңартылған құрамын бекіту.

РОӘК ОӘК ЖБТ жаңартылған құрамын бекітуіміз керек. Құрамды бекіту біздің жұмысымыздың барлық жетекші жоғары оқу орындарының мүддесін және ең бастысы жұмыс берушілердің үнін ескеретініне кепілдік береді.

Оқу әдістемелік бірлестік төралқасы:

Куришбаев Ахылбек Кажигулович - Төраға, Басқарма Төрағасы-Ректор, а.ш.ғ.д., академик

Ибрагимов Примкул Шолпанкулович - Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасы-Ректордың Бірінші орынбасары, в.ғ.д., профессор

Кулмахамбетова Акмарал Токтаналиевна - Оқу әдістемелік бірлестік- Жобаларды басқару топтары хатшысы, PhD

Оқу әдістемелік бірлестік жұмыс тобына ҚР АШМ «ҰАҒББО» КеАҚ Білім және білімді тарату департаментінің бас менеджері Насырханова Бакыт Кайрғазиновна, ҚР ҒЖЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

директоры орынбасары Дидарбекова Наужан Абдисатаровна және «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша қызмет атқаратын ЖОО академиялық мәселелер жөніндегі проректорлары, сонымен қатар жетекшілік ететін ОӘБ-ЖБТ ЖЖОКБҰ академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, оқу процесінің мазмұны бөлімінің бастығы, «Білім беру үдерісін ұйымдастыру» бөлімінің бастығы, ғылыми кітапхана директорының орынбасары мен факультет декандары енген.

РОӘК ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылына жаңартылған құрамына 25 ЖОО – нан кандидатуралар ұсынылып, 196 мүшені (кесте – 1) және Оқу әдістемелік бірлестік жұмыс тобы 29 мүшені құрайтын болады.

Кесте – 1. РОӘК ОӘБ құрамы

ОӘБ-ЖБТ секциясы	ОӘБ-ЖБТ мүшелерінің жалпы саны	Оның ішінде			
		жетекшілік ететін ОӘБ-ЖБТ ЖЖОКБҰ	басқа отандық ЖЖОКБҰ	шетелдік ЖЖОКБҰ	жұмыс берушілер
Төралқа	3	3	-	-	-
Жұмыс тобы	29	9	20		
В077-Өсімдік шаруашылығы	42	8	21	1	12
В078-Мал шаруашылығы	27	5	15	1	6
В079-Орман шаруашылығы	25	5	12	1	7
В080-Балық шаруашылығы	8	1	5	-	2
В082-Су ресурстары және суды пайдалану	18	5	9	1	3
В183-Агроинженерия	31	9	14	2	6
В083-Ветеринария	45	13	23	1	8

РОӘК ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылына жаңартылған құрамы бойынша өзгертулер мен түзетулер енгізу қажет болса өз ұсыныстарыңызды айтсаңыздыр. Ұсынылып отырған құраммен келісетін болсаңыздар дауысқа салайық.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1 2024-2025 оқу жылына РОӘК ОӘБ ЖБТ жаңартылған құрамы бекітілсін.

1.2 Негізгі құрамның саны бойынша немесе құрамына өзгертулер енгізу ұсыныс хат негізінде жүргізілсін.

2. РОӘК ОӘБ 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен мәжіліс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың Бірінші орынбасары, в.ғ.д. Ибрагимов П.Ш.

РОӘК ОӘБ 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары – бұл біздің «Жол картамыз», біздің ортақ даму векторымыз, ол бізге білім беру бағдарламаларын жүйелі және дәйекті түрде

жетілдіруге мүмкіндік береді. Алдағы оқу жылына әзірленген РОӘК ОӘБ жылдық жұмыс жоспары мен мәжіліс жоспары сіздерге ұсынылып отыр, өзгерістер мен түзетулер енгізетін болсаңыздар ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

РОӘК қатысушылары бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

2.1 2025-2026 оқу жылына ОӘБ жұмыс жоспары бекітілсін.

2.2 2025-2026 оқу жылына ОӘБ мәжіліс жоспары бекітілсін.

2.3 Жоспарға өзгертулер енгізу ұсыныс хат негізінде жүргізілсін

3. Магистратураға түсушілердің кешенді тестілеу пәндерін қайта қарау және тапсырмаларын жетілдіру

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ хатшысы **А.Кулмахамбетова** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны магистратураға кешенді тестілеу тапсырмаларының базасын жетілдіру мақсатында тест тапсырмаларын әзірлеу және сараптау нәтижелері бойынша 2026 жылға арналған тест спецификацияларын жаңарту жөніндегі сарапшылар ұсыныстарын қарауға ресми хат келіп түскендігін атап, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті жанындағы РОӘК «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ ЖБТ «Өсімдік шаруашылығы», «Мал шаруашылығы», «Орман шаруашылығы», «Балық шаруашылығы», «Су ресурстары және су пайдалану», «Агроинженерия» және «Ветеринария» секцияларына сәйкес БББТ бойынша магистратураға түсу тест спецификациясын қарастырып, талқылау міндетіне ие екендігін жеткізді. Сонымен қатар, 2026 жылға арналған тест спецификациясына өзгерістер енгізу туралы және оны отырыста ашық талқылау ұсынысы сәйкес секциялардан хаттама түрінде келіп түскендігін айтты. Ұсыныстар:

М136 – «Аграрлық техника және технологиясы» білім беру бағдарламалары тобының «Ауылшаруашылық машиналары» және «Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары» пәндері бойынша магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясына өзгерістер енгізу, яғни «Ауылшаруашылық машиналары» пәні бойынша мемлекеттік тілде тест дайындау кезінде орыс тіліндегі оқулықтардан құрастырмай, орнына қазақ тіліндегі оқулықтарды қолдану және сәйкесінше төменде келтірілген әдебиеттерді енгізу.

1. Момынбаев Б., Алиев Б. Ауыл шаруашылығы техникалары III – том Егін егетін және күтетін машиналар. – Алматы, «НАЗ-9» ЖШС 2009. –Т-3 – 288б.

2. Момынбаев Б., Алиев Б. Ауыл шаруашылығы техникалары IV – том Өнім жинайтын және өңдейтін техникалар. – Алматы, «НАЗ-9» ЖШС 2009. –Т-4 – 304б.

3. Момынбаев Б., Алиев Б. Ауыл шаруашылығы техникалары V – том Мал шаруашылығының жабдықтары. – Алматы, «НАЗ-9» ЖШС 2009. –Т-5 – 296 б.

4. Воронов Ю.И., Ковалев Л.Н., Устинов А.Н. Ауыл шаруашылығы машиналары. - Алматы: «НАЗ-9» ЖШС. 2005.-544 бет.

5. Алшынбай М.Р. Ауыл шаруашылығы машиналарының теориясы (оқулық) – Алматы: - Казмемагру, 1999. – 203 бет.

6. Әдуов М. Топырақ өңдеуге арналған машиналар мен құралдар (оқу құралы). –Астана. – Фолиант. -2012. -120 б.

- «Сельскохозяйственные машины» пәні бойынша тест спецификациясына төмендегі әдебиеттер тізімі ұсынылсын:

1. Турбин Б.Г. и др. Сельскохозяйственные машины. Часть-1. Теория и технологический расчет. Изд.2 – Алматы, ССК, 2018. -356с.

2. Турбин Б.Г. и др. Сельскохозяйственные машины. Часть-2. Теория и технологический расчет. Изд.2 – Алматы, ССК, 2018. -380с.

3. Халанский В.М, Горбачев И.В. Сельскохозяйственные машины. - Москва: КолосС, 2004. – 624 с.

4. Романенко В.А. и др. Сельскохозяйственные машины. – Краснодар: КубГАУ, 2014. – 232 с.

«Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары» пәнінің тест спецификациясына келесі өзгерісті енгізу: Үшінші тараудың атауы (тақырыптың мазмұны) келесі редакциясымен өзгертілсін: Ауыл шаруашылық малдарын саууды және сүтті алғашқы өңдеу механикаландыру және автоматтандыру.

М134 Балық Шаруашылығы БББТ-ның «Аквакультура және судың биологиялық ресурстары» БББ бойынша магистратураға түсушілердің КТ тапсыратын кәсіби пәнін «Балық аулау» пәнінен базалық «Ихтиология» пәніне ауыстыру ұсынысы және жаңа әдебиеттер тізімін енгізу.

1. Ихтиология [Текст]: учебник / С.В. Пономарев, Ю.М. Баканева, Ю.В. Федоровых.- 3-е изд., стереотип.- СПб.: Лань, 2020.-560с.

2. Жеке ихтиология [Мәтін]: оқулық / С.Ж. Асылбекова, Қ.Ш. Нұрғазы; ҚР ауыл шар. м-трлігі.- Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 203 б.

3. Есжанов, Бірлікбай Есжанұлы. Жалпы ихтиология [Текст] : практикум / Б. Е. Есжанов, Н. С. Сапарғалиева, С. Е. Шарахметов, 2016. - 188б

4.Методические указания для проведения учебной практики по гидробиологии и ихтиологии [Текст] : практикум / Б. Е. Есжанов, С. Е. Шарахметов, Н. С. Сапарғалиева [и др.], 2016. - 97 с.

М138 «Ветеринария» БББТ бойынша магистратураға түсушілердің КТ тапсыратын «Жануарлар патологиясы» пәні қазіргі бекітілген білім беру бағдарламасында жоқ болғандықтан «Жануарлардың патологиялық анатомиясы» пәні болып өзгерту және жаңа әдебиеттер тізімін енгізу.

1. Ө. Ығылманұлы. Ветеринариялық патологиялық анатомия. Алматы, 2017, 1,2,3 том.

2. Нұрғазы Б.Ө. Сойып-зерттеу және соттық ветеринария. Алматы, 2012.

3. Струков А.И., Серов В.В. Патологиялық анатомия: медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Орысшадан аударған М.Т.Айтқұлов. Алматы, Қарағанды: Ғылым, 2013 – 984 б.

4. Ө. Ығылманұлы. Ветеринариялық патологиялық анатомия. Алматы, 2010 – 647 б.

5. Нұрғазы, Б.Ө. Жануарлар патологиясы. [Электрондық ресурс]: оқулық / Б.Ө. Нұрғазы [ж.б.].- Алматы: Print-Plus, 2019. - 392 б. (http://lib.kaznau.kz/Res/ebook_730/index.html).

М132 Мал шаруашылығы БББТ, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» БББ бойынша магистратураға түсушілердің КТ тапсыратын «Мал азықтандыру» және «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» пәндері бойынша қазақ тіліндегі тест құрылымы орыс тілімен сәйкестендіріліп және жаңа ұсынылған әдебиеттер тізімін енгізу.

«Мал азықтандыру» пәні бойынша әдебиеттер тізімі:

1. Егеубаев А.А. Мал азығының қоректілігін бағалау және мал азықтандыру Мәтін: оқу құралы. –Алматы: ҚазҰАУ, 2010.-233б.

2. Омаркожаулы Н. Мал азығын бағалау және малды азықтандыру.- Алматы: ИздатМаркет, 2005.- 288 б.

3. Омаркожаулы Н. Мал азықтандыру: Жоғары және кәсіби аграрлық оқу орындарының малшаруашылығы мамандықтарына арналған. Оқулық.-Алматы: TechSmith, 2022. -380 б.

4. Омаркожаулы Н. Мал азықтандыру және азық сапасын бақылау. Анықтамалық құрал - Алматы: Эпиграф, 2023.- 260 б.

5. Ахметов А. Мал азықтандыру [Мәтін]: лаб. және практ. сабақтарға арн. оқу құралы. ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 204 б.

6. Махатов Б.М., Қожалы Б.Қ., Байбатшанов М.К. Мал азықтандыру мөлшері мен рациондары. Оқулық, Алматы: Эверо, 2020. - 368 бет

Қосымша әдебиеттер

1. Тенлибаева А.С. Қой мен ешкіні азықтандыру. [Мәтін]: -Алматы: ЭСПИ, 2024. – 192 б.

2. Омарқожаулы Н., Мал азықтандыруды және бақылау [Мәтін]: оқу құралы –Алматы: Бастау, 2016. – 264 б.

3. Омарқожаұлы Н., Мал азықтандыру пәнінің практикумы [Мәтін]: жоғары оқу орындары мал шаруашылығы және мал дәрігерлігі мамандықтарының студенттеріне арн. оқу құралы. – Алматы: ҚазҰАУ, 2004.-181б.

4. Оразбаев С.Ә. Шалғындық және жайылымдық мал азығы өндірісі [Мәтін]: 1-бөлім: оқулық Алматы: Эпиграф, 2016. -272 б.

5. Оразбаев С.Ә. Шалғындық және жайылымдық мал азығы өндірісі [Мәтін]: 2-бөлім: оқулық Алматы: Эпиграф, 2016. -220 б.

«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» пәні бойынша:

1. Әлібаев Е., Ермұхан Б. Мал өнімдерін өндіру технологиясы [Мәтін]: оқулық - Астана: Фолиант, 2010.- 400 б.

2. Бегімбеков Қ. Мал өсіру және селекция [Мәтін]: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2015. -428б.

3. Нұрғазы Қ.Ш. Мал шаруашылығы [Мәтін]: оқулық. Қазақстан Республикасының білім және ғылым мин-лігі. -Алматы: Дәуір, 2012.– 400 б.

4. Нұрғазы Қ.Ш. Мал шаруашылығы негіздері пәнінің практикумы [Мәтін]: оқу құралы Алматы: Агроуниверситет баспасы, 2007.– 221 б.

5. Исхан Қ.Ж., Әкімбеков А.Р., Жунисов А.М., Бекбосынова Ж.Е. Жылқы шаруашылығы, жылқы еті мен қымыз өндіру технологиясы. [Мәтін]: оқулық / ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Айтұмар, 2017.- 275 б.

6. Сәбденов Қ.С. С. Арынғазиев, Б.К. Насырханова [ж.т.б.]; Ешкі шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиясы. ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эверо, 2015.- 192 б.

7. Махатов Б.М., Әкімбеков Б.Р., Байбатшанов М.К. [ж.т.б.]. Ара шаруашылығы [Мәтін]: оқулық / - Алматы: Эверо, 2015.- 407 б.

8. Кәрімов Ж.К., Дәленов Ш.Д., Найманов Д.Қ. Ірі қара шаруашылығы [Мәтін]: оқулық / - Алматы: Эпиграф, 2023.- 276 б.

9. Әкімбеков Б.Р. Мал шаруашылығының қосалқы салалары [Мәтін]: оқу құралы. ҚР Білім және ғылым м-гі; ҚазҰАУ.- Алматы: ҚазҰАУ, 2008.- 144 б.

10. Омарқожаұлы Н. Мал шаруашылығы технологиясы [Мәтін]: 2-бөлім: оқулық.- Алматы: ЭСПИ, 2024.- 284 б.

11. Омбаев А., Мырзақұлов С., Бөпебаева Л., Ауылшаруашылығы малдарының, малдарының, құстардың, балықтар мен аралардың өнімдерін өндіру технологиясы [Мәтін]: оқу құралы /ҚазҰАЗУ.-Алматы: Айтұмар, 2024.-204 б.

12. Омарқожаұлы Н., Қажғалиев Н. Етті мүйізді ірі қара мал өсіру жетекшілігі: Анықтамалық құрал. Алматы. 2022.- 156 б. Б

13. Махатов Б.М., Әкімбеков Б.Р., Байбатшанов М.К. [ж.т.б.]. Қоян шаруашылығы [Мәтін]: оқулық / - Алматы: Эверо, 2015.- 156 б.

РОӘК қатысушылары бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

3.1 7М087 «Агроинженерия» дайындау бағытындағы М136 – «Аграрлық техника және технологиясы» білім беру бағдарламалары тобының «Ауылшаруашылық машиналары» және «Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары» пәндері бойынша магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясына өзгерістер енгізілсін және әзірленген тест спецификациясының түп нұсқасы РМҚК «Ұлттық тестілеу орталығына» жолдансын.

3.2. 7М084 «Балық шаруашылығы» кадрларды даярлау бағытындағы «7М08404 – Аквакультура және судың биологиялық ресурстары» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясына өзгерістер енгізілсін және әзірленген тест спецификациясының түп нұсқасы РМҚК «Ұлттық тестілеу орталығына» жолдансын.

3.3. 7М091 «Ветеринария» кадрларды даярлау бағытындағы «М138 «Ветеринария» білім беру тобының бойынша магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеудің тест спецификациясына өзгерістер енгізілсін және әзірленген тест спецификациясының түп нұсқасы РМҚК «Ұлттық тестілеу орталығына» жолдансын.

3.4. 7M082 «Мал шаруашылығы» кадрларды даярлау бағытындағы бойынша «7M08201 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға түсушілердің кешенді тест бойынша тест спецификациясына өзгертулер енгізілсін және әзірленген тест спецификациясының түп нұсқасы РМҚК «Ұлттық тестілеу орталығына» жолдансын.

3.5. M131 «Өсімдік шаруашылығы», M133 «Орман шаруашылығы», M135 « Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету», «Су ресурстары және суды пайдалану» ББТ бойынша магистратураға түсушілердің кешенді тест бойынша тест спецификациясына өзгертулер енгізілмей, өзгеріссіз қалсын және тест спецификациясының түп нұсқасы РМҚК «Ұлттық тестілеу орталығына» жолдансын.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгерістер енгізу ұсынысын қарастыру («Агрономия» кадрларды даярлау бағытын өзгерту, «Фитосанитария» кадрларды даярлау бағытын ашу)

4.1. «Агрономия» кадрларды даярлау бағыты атауын өзгерту ұсынысын қарастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, в.ғ.к., профессор **Алпысбаева Гүлмира Егізбайқызы** жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына өзгерістер енгізу және отырыста ашық талқылауға салу туралы ұсынысы РОӘК ОӘБ «Өсімдік шаруашылығы» секциясынан арнайы хаттамамен келіп түскендігін атап өтті. Сонымен қатар, Г.Е.Алпысбаева Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышындағы 6B081, 7M081, 8D081 «Агрономия» кадрларды даярлау бағыты атауын «Өсімдік шаруашылығы» атауына өзгерту және білім беру бағдарламалары тобын бакалавриат деңгейі үшін B077 «Өсімдік шаруашылығы» ретінде, магистратура деңгейі үшін M131 «Өсімдік шаруашылығы» ретінде және докторантура деңгейі үшін D131 «Өсімдік шаруашылығы» ретінде қалдыру ұсынысын ашық талқыға салуды ұсынды.

Қолданыстағы			Ұсынылады		
Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының тобы	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының тобы
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 «Агрономия»	B077 «Өсімдік шаруашылығы»	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 «Өсімдік шаруашылығы»	B077 «Өсімдік шаруашылығы»
7M08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	7M081 «Агрономия»	M131 «Өсімдік шаруашылығы»	7M08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	7M081 «Өсімдік шаруашылығы»	M131 «Өсімдік шаруашылығы»
8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	8D081 «Агрономия»	D131 «Өсімдік шаруашылығы»	8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	8D081 «Өсімдік шаруашылығы»	D131 «Өсімдік шаруашылығы»

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы профессоры м.а., б.ғ.к. **Баядилова Гулсум Онгаровна** ұсынысты толықтай

қолдайтындығын атап, «Өсімдік шаруашылығы» термині ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру процестерін өндіруге, технологияға және басқаруға бағытталған мамандардың қызмет саласын дәлірек сипаттайтындығын атап, кадрларды даярлау бағытының атауын «Агрономиядан» «Өсімдік шаруашылығына» өзгерту кәсіптік бағытты нақтылауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

ҚР АШМ «ҰАҒББО» КеАҚ Білім және білімді тарату департаментінің бас менеджері **Насырханова Бакыт Кайрғазиновна** «Агрономия» атауына қарағанда «Өсімдік шаруашылығы» атауы ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге, олардың селекциясына, тұқым шаруашылығына, биотехнологияға және тұрақты егіншілік жүйесіне қатысты білім мен құзыреттердің кең ауқымын қамтитын білім беру бағдарламаларының заманауи мазмұнын толық көрсететіндігін атай отырып, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгерістер енгізу ұсынысын толығымен қолдайтындығын жеткізіп, «Агрономия» кадрларды даярлау бағытының атауын «Өсімдік шаруашылығына» ауыстырып өзгерткен дұрыс шешім болатындығын айтып өтті.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшерелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

6B081, 7M081, 8D081 «Агрономия» кадрларды даярлау бағыты атауын «Өсімдік шаруашылығы» атауына өзгерту ұсынысы қабылдансын және білім беру бағдарламалары тобын бакалавриат деңгейі үшін B077 «Өсімдік шаруашылығы» ретінде, магистратура деңгейі үшін M131 «Өсімдік шаруашылығы» ретінде және докторантура деңгейі үшін D131 «Өсімдік шаруашылығы» ретінде қалдыру туралы РОӘК ОӘБ мүшелерінің ұсынысы қабылдансын және бұйрыққа өзгеріс енгізу бойынша ұсыныс ҚР ҒЖЖБМ ресми хатпен жолдансын.

4.2. «Фитосанитария» кадрларды даярлау бағытын, сәйкес «Фитосанитария» білім беру бағдарламасының тобын ашу және бейіндік пәндерін тағайындау ұсынысын қарастыру.

ТЫҢДАЛДЫ

«Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Басқарма төрағасы, б.ғ.к., профессоры **Дүйсембеков Бахытжан Алишерович** Қазақстандағы фитосанитарлық қауіпсіздік жүйесіндегі кадрлық тапшылық: Ұлттық қатерлерді бағалау және салалық білім беру факультетін қайта қалпына келтірудің стратегиялық қажеттілігі тақырыбында баяндамасын жасай отырып, Қазақстан Республикасының карантиндік фитосанитарлық жағдайына, жеміс дақылдарына келетін негізгі қауіптерге және оларды қорғау мәселелеріне, агроterrorизм және азық-түлік қауіпсіздігіне биологиялық қауіптерге, Қазақстанда халықаралық фитосанитариялық қауіпсіздік талаптары тиісті деңгейде сақталмайтындығына, залалданған тұқымдар отандық тұқым өндірісінің дамуына кедергі келтіретіндігіне ақпарат бере отырып, тап болған күрделі мәселелерді шешуде кадрлық тапшылыққа ие болып отырғандығымызды жеткізді. Жоғары кәсіби біліктілігі бар салалық мамандардың күрделі тапшылығын, қолданыстағы бағдарламалар қарқынды дамып келе жатқан салаға қажетті дайындық деңгейін қамтамасыз етпейтіндігін атап, жаңа «Фитосанитария» кадрларды даярлау бағытын ашу қажеттілігін айтып, нәтижесінде Халықаралық талаптарға толық сәйкес келетін кадрлар даярлау мүмкіндігіне ие болатынымызды жеткізді. Сонымен қатар, «Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Басқарма төрағасы, б.ғ.к., профессоры **Дүйсембеков Бахытжан Алишерович** жаңа ұсынылып отырған «Фитосанитария» БББТ бейіндік пәндері ретінде тірі ағзалардың құрылымы, өмірлік функциялары және өзара әрекеттесуі туралы іргелі білімдерді дамытатын негізгі пән болып табылатын «**Биология**» пәнін және агроэкожүйелердің фитосанитарлық жағдайына әсер ететін табиғи және антропогендік факторлардың кеңістікте таралуы туралы білімнің қалыптасуын қамтамасыз ететін «**География**» пәнін тағайындауды, аталған БББТ бойынша қысқартылған оқу мерзімі үшін «**Биология**» пәнін және екінші пән ретінде «**Өсімдіктердің зиянды ағзаларын зерттеу негіздері**» пәнін, ал магистратура деңгейі үшін бейіндік пәндер ретінде «**Ауылшаруашылығы энтомологиясы және Ауылшаруашылығы фитопатологиясы**» пәндерін

тағайындауды ұсынып, энтомология пәні зиянкестердің морфологиясын, биологиясын және экологиясын зерттесе, фитопатология өсімдік ауруларының қоздырғыштарын, олардың даму циклін және таралу заңдылықтарын анықтайтындығын, нәтижесінде фитосанитариялық диагностика мен алдын алу шараларын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік беретіндігін жеткізді.

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Ауыл және орман шаруашылығы» институтының қауымдастырылған профессоры **Байбусенов Курмет Серикович** «Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мамандарды даярлау және кадрлық әлеуетті арттырудың өзекті мәселелері» тақырыбында баяндамамен шығып, фитосанитариялық қауіпсіздік саласында мамандар даярлаудың және кадрлық әлеуетті арттырудың өзекті мәселелеріне тоқталып өтті. Баяндама барысында саланың кадрлық әлеуетін нығайту үшін «Фитосанитария» БББТ құрудың өзектілігі мен қажеттілігін атай отырып, қазіргі уақытта «Фитосанитария» бағытындағы барлық ашылған білім беру бағдарламалары «Өсімдік шаруашылығы» БББТ енгізілгендігін, нәтижесі білім алушылар санының азаюына алып келгендігін және болашақта елдің фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті білікті кадрлардың тапшылығын тудыруы мүмкін екендігін жеткізді. Сонымен қатар, қауымдастырылған профессоры Қ.С. Байбусенов білім беру бағдарламаларын өзектендіру мәселесіне тоқтала отырып, Ауыл шаруашылығы және биоресурстар білім беру саласына жаңа «Фитосанитария» кадрларды даярлау бағытын ашу және сәйкес «Фитосанитария» БББТ енгізу арқылы «Фитосанитария» бағытын дербес мамандандыру қажеттілігін айтты. Сондай-ақ, «Фитосанитария» БББТ бейіндік пәндері ретінде өсімдіктердің анатомиялық, морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, зиянкестер мен қоздырғыштардың биологиясы мен экологиясын, өсімдіктердің иммунитеті және стресс факторларына төзімділік процестерін игеретін «*Биология*» пәнін және екінші пән ретінде табиғи-климаттық белдеулерге байланысты зиянкестер мен өсімдік ауруларының таралу заңдылықтарын түсіндіруге, климаттың өзгеруінің фитосанитарлық тәуекелдерге әсерін бағалауға және фитосанитарлық жағдайды бақылау мен болжау үшін картографиялық және геоақпараттық деректерді пайдалануға мүмкіндік бере алатын «*География*» пәнін тағайындауды, аталған БББТ бойынша қысқартылған оқу мерзімі үшін «*Биология*» және «*Өсімдіктердің зиянды азғаларын зерттеу негіздері*» пәндерін, ал магистратура деңгейі үшін бейіндік пәндер ретінде фитосанитария ғылымының биологиялық іргетасын қалайтын «*Ауылшаруашылығы энтомологиясы*» және «*Ауылшаруашылығы фитопатологиясы*» пәндерін ұсынды.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының меңгерушісі **Әбдүкерім Рауза Жүсіпқызы** «Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру үшін жеке білім беру бағытын қалыптастырудың өзектілігі» тақырыбында баяндама жасай отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ветеринария мен фитопатология салаларына ерекше назар аудару қажеттігін және бұл бағыттардың жеткіліксіз дамуы еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай шектейтінін атап өткендігін жеткізіп жіне мемлекет басшысының бұл тапсырмасы аграрлық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде фитосанитарлық қауіпсіздікті нығайтудың стратегиялық маңызын нақты айқындайтындығын атап өтті. Сондай-ақ, Р.Ж. Әбдүкерім соңғы жылдары жаһандық климаттың өзгеруі, халықаралық сауданың кеңеюі және карантиндік ағзалардың таралу қаупінің артуы фитосанитарлық бақылау мен мониторинг жүйелерін жетілдіруді және осы салада жоғары кәсіби даярлығы бар мамандар даярлауды қажет ететіндігін, дегенмен, фитосанитарлық бағыттағы мамандарға сұраныстың артуына қарамастан, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында тиісті білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар санының азайғандығын айқын жеткізді. Қорытындылай келе Р.Ж. Әбдүкерім «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарының сыныптауышына» өзгерістер енгізіп, жеке жаңа «Фитосанитария» атты кадрларды даярлау бағытын ашуды және «Фитосанитария» білім беру бағдарламалар тобын енгізіп, жаңа даярлау бағыты барлық білім алу деңгейі үшін іске асырылуын, сонымен қатар, «Фитосанитария» БББТ бейіндік пәндері ретінде «*Биология*» және «*География*» пәндерін тағайындауды, қысқартылған оқу мерзімі үшін аталған БББТ бойынша «*Биология*» және

«Өсімдіктердің зиянды ағзаларын зерттеу негіздері» пәндерін, ал магистратура деңгейі үшін бейіндік пәндер ретінде *«Ауылшаруашылығы энтомологиясы»* және *«Ауылшаруашылығы фитопатологиясы»* пәндерін ұсынып, аталған екі пән фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі практикалық құралдарын ұсынатындығын, энтомология негізінде зиянкестерге қарсы биологиялық және химиялық күрес әдістері әзірленетін болса, фитопатология арқылы ауруларға қарсы агротехникалық, биологиялық және иммунологиялық шаралар жүйеленіп нәтижесінде фитосанитариялық жүйенің тиімді жұмыс істеуі дәл осы пәндердің тәжірибелік білімдеріне сүйенетіндігін айтты.

ҚР АШМ «ҰАҒББО» КеАҚ Білім және білімді тарату департаментінің бас менеджері **Насырханова Бакыт Кайрғазиновна** қазіргі таңда аграрлық мамандарды еліміздің жиырма жоғары оқу орнында даярлау іске асырылады, соның ішінде «Өсімдік шаруашылығы» даярлау бағыты бойынша 10 жоғары оқу орны мамандарды дайындайды. Дегенмен, бұл бағыт бойынша болашақ мамандар жалпы білім алып жатқандықтан, «Фитосанитария» кадрларды даярлау бағытын ашып, сәйкес БББТ қосу қажет және ұсынысты қолдаймын.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшарелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына жаңа «Фитосанитария» атты кадрларды даярлау бағытын және сәйкес «Фитосанитария» білім беру бағдарламасының тобын ашу нәтижесінде өзгерістер енгізу туралы ұсынысы және жаңа «Фитосанитария» БББТ бейіндік пәндері ретінде бакалавр деңгейіне «Биология» және «География» пәндерін және қысқартылған оқу мерзімі үшін «Биология» және «Өсімдіктердің зиянды ағзаларын зерттеу негіздері» пәндерін тағайындау, ал магистратура деңгейі үшін бейіндік пәндер ретінде «Ауылшаруашылығы энтомологиясы» және «Ауылшаруашылығы фитопатологиясы» пәндерін тағайындау ұсынысы қабылдансын және хаттама көшірмесі ҚР ҒЖЖБМ жолдансын.

5. РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен оқулықтар мен оқу құралдарын баспадан шығаруға ұсыну

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы **А.Кулмахамбетова** төмендегідей ақпарат берді: «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, а.ш.ғ.к. Асылбекова Айнұр Серікбайқызы авторлығымен 6В084 - «Балық шаруашылығы» дайындау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларына арналған, қазақ тілінде дайындалған «Индустриалды балық шаруашылығы» атты оқу құралына берілген эксперттік оң пікірмен таныстырып, аталған оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшарелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, а.ш.ғ.к. Асылбекова Айнұр Серікбайқызы авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Индустриалды балық шаруашылығы» атты оқу құралын баспадан шығаруға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы **А.Кулмахамбетова** төмендегідей ақпарат берді: «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ оқытушылары: в.ғ.к. Билялов

Ермекказы Ережепович, PhD Муратбаев Даулетбек Манарбекович және «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ доценті Рахимжанова Дамегуль Толеугазиевна авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Ветеринариялық пропедевтика» атты 6B09101 - «Ветеринариялық медицина» БББ бойынша білім алушыларға арналған оқу құралына берілген эксперттік пікірмен таныстырып, аталған оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасы профессоры Е.Махашов Ветеринария БББ бойынша 1-3 курс білім алушыларына арналған Базалық пән, Жоғары оқу орны компоненттері пән атаулары барлық ЖОО-да сәйкестендіріліп, РОӘК ОӘБ отырысында талқыланып, шешімі шығарылған. БП/ЖК пәндері ішінде «Ветеринариялық пропедевтика» атты пән жоқ екендігін атап, егерде пән элективті болған жағдайда РОӘК ОӘБ шешімімен баспадан шығаруға мүмкіндік болмайтындығын айтып, оқулық атауын өзгертіп, қайта тапсыруға арқылы ғана баспадан шығаруға болатындығын жеткізді.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшкерелі профессор Е.Махашов негіздемесін қолдап, оқулықты баспадан шығару ұсынысын қабылдамады.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ оқытушылары: в.ғ.к. Билялов Ермекказы Ережепович, PhD Муратбаев Даулетбек Манарбекович және «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ доценті Рахимжанова Дамегуль Толеугазиевна авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Ветеринариялық пропедевтика» атты оқу құралы ескертілген кемшіліктер нәтижесінде баспадан шығаруға ұсынылмайды.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к. Сатиева Калия Рамазановна, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к. Нуржанова Кульсара Халимарденовна, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасы меңгерушісі, а.ш.ғ.к. Ахметова Балнур Сериковна авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Жануарлар биологиясы» атты 6B08303 – «Орман ресурстары және аңшылықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшкерелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к. Сатиева Калия Рамазановна, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к. Нуржанова Кульсара Халимарденовна, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасы меңгерушісі, а.ш.ғ.к. Ахметова Балнур Сериковна авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Жануарлар биологиясы» атты 6B09111 - «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерге арналған оқу құралын баспадан шығаруға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқулығын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ, «Ветеринарлық медицина» кафедрасы оқытушылары: доцент, в.ғ.к. Тұтқышбай Ибрагим Асқарұлы, және в.ғ.к. Бердіқұлов

М.А. авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Құс аурулары» атты оқулығын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшкерелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ, «Ветеринарлық медицина» кафедрасы оқытушылары: доцент, в.ғ.к. Тұтқышбай Ибрагим Асқарұлы, және в.ғ.к. Бердікұлов М.А. авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Құс аурулары» атты оқулығын баспадан шығаруға ұсынылсын.

ОӘБ-ЖБТ хатшысы

А. Кулмахамбетова

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары
Басқарма Төрағасы –
Ректордың Бірінші орынбасары

П. Ибрагимов

